

Үміткердің сәйкестендіру
нөмірі:

АҚКК біліктілік КОМИССИЯСЫ

ШІЛДЕ 2023ж.

Аудит және этика

Бөлінген уақыт: 3 сағат

Бұл емтиханда төрт тапсырма қамтылған, оның әрқайсысы бірнеше бөлімнен тұрады.

- Төрт тапсырманың барлығын орындаңыз.
- Тапсырмаларға жауаптарға арналған жұмыс дәптерінде жауап беріңіз. Есіңізде болсын, емтихандық модульдегі кез келген жазбалар бағаланбайды, алайда Сіз оған өзіңізге ыңғайлы болу үшін жазба енгізіп (яғни оны шимай дәптер ретінде қолданып) отырсаңыз болады.
- Әр тапсырмаға жауап жаңа парақтан басталуы тиіс.
- Емтихан аяқталғаннан кейін жауаптарға арналған жұмыс дәптерін тапсырыңыз.

Жақшаның ішінде әр тапсырманың атауынан кейін оның ең жоғары балы келтірілген.

- Уақытты жұмсау бойынша ұсыныс:

1-тапсырма, 28 балл	42 – 50 минут
2-тапсырма, 18 балл	27 – 33 минут
3-тапсырма, 14 балл	21 – 25 минут
4-тапсырма, 40 балл	<u>60 – 72 минут</u>
Уақыттың жиыны:	150 – 180 минут
- Барлық ақшалай шамалар есептік бірлікпен (е.б.), осы емтиханда қолданылатын халықаралық ақшалай өрнекпен көрсетілген.
- Қаржылық емес калькуляторларды қолдануға рұқсат етіледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Емтихандық буклетті емтихандық бөлмеден шығаруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Сіз осы емтихандық буклетті тапсыруыңыз қажет.

ЕМТИХАНДЫ БАСТАУҒА РҰҚСАТ АЛМАЙЫНША БҰЛ ПАРАҚТЫ АШПАҢЫЗ.

Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымның ешбір бөлімін заңнамамен тікелей көзделген жағдайларды санамағанда, АҚКК компаниясының алдын-ала рұқсатын алмайынша жаңғыртуға, деректерді сақтауға және өңдеуге арналған қандай да бір жүйеде сақтауға немесе электронды немесе механикалық құралдарды, соның ішінде ксерокөшірмелеуді, ақпаратты сақтауға немесе іздеуге арналған қандай да бір құрылғыларға жазуды қолданумен қандай да бір нысанда беруге болмайды. АҚКК компаниясының рұқсатын алуға арналған сұратуларлы мына мекенжай бойынша жолдап отыру керек: kvalkom@psad.kz

1-тапсырма (28 балл)

«Fruelied» акционерлік компаниясы (бұдан әрі – Компания) 2023 жылдың басында 2022 жыл бойынша өзінің қаржылық есептілігіне аудит жүргізуге қатысты шешім қабылдады, соған байланысты тендер өткізді. Былтырғы жылы аудитті заңнамадағы жаңа талаптардың (аудит бойынша шекаралық мерзімді асырудың) салдарынан тендерге қатыспаған аудиторлық фирма жүргізді. Алайда былтырғы жылы аудитор аудиторлық пікірін (ескертуі бар пікірін) басқарушы қызметкерлермен есептік күнгі жағдай бойынша негізгі құралдарды бағалауға қатысты ақпаратты ашу тұрғысында келіспеудің салдарынан жетілдірген болатын.

Компания үшін Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары (бұдан әрі - ҚЕХС) қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негізі болып табылады.

Тендерлік ұсыныстардың қорытындысы бойынша үміткерлердің арасынан Компания «Эккаунт – аудит» аудиторлық фирмасын (бұдан әрі - АФ, аудитор) таңдады, онымен компания аудит жүргізу туралы шартқа қол қойды. Айта кететіні, аудит бойынша серіктестердің бірі 2022 жылы АФ атынан салықтық жоспарлау бойынша кеңес беру қызметтерін көрсетті, осы қызметтер үшін қаламақының мөлшері аудиторлық фирманың жылдық түсімінің размер гонорара за эти услуги не превышает 25%-нан аспайды. Оған қоса, бұл АФ Компанияға негізгі тауар жеткізушілердің бірінің аудитору болып табылады.

Компанияның 2022 жылғы қызметі мен қаржылық есептілігінің нақты нәтижелеріне сай, аудиторға төмендегідей ақпарат ұсынылды:

- 1) 2023 ж. басында Компания негізгі құралдарды амортизациялау әдісінің өзгеруіне байланысты есептік саясатқа өзгертулер енгізді;
- 2) 2022 ж. соңында жылдық түгендеу кезінде компания үшінші тұлғаларда сақтауда тұрған қорлардың басым бөлігін түгендеу процесіне енгізбеді;
- 3) 2023 жылдың басында Компанияның елеулі дебиторларының бірі банкрот деп танылып, компания берешектің барлық сомасын 2023 жылдың 1-тоқсанындағы залалдарға шығындға жазды.
- 4) 2023 жылдың басында «Restart» кәсіпорнының 2022 ж. басында сатып алынған акцияларының әділ құны олардың жылдың соңына қатысты баланстық құнымен салыстырғанда едәуір төмендеп кетті, акциялар пакетінің құнындағы өзгертулер 2023 жылдың 1-тоқс. пайда мен залалдар туралы есеп беруде көрсетілген (компанияның бизнес-үлгісіне, қабылдаған есептік саясатына сай).
- 5) 2023 жылдың басында компанияға еңбек қорғау заңнамасының талаптарын ұстанбау салдарынан айыппұл салынған болатын

Талап етіледі: төменде келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз.

1.1. Тапсырманың шарттарына негізделе отырып, аудиторлық фирмаға Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (соның ішінде халықаралық тәуелсіздік стандарттарына) (бұдан әрі – Этика кодексі) сәйкес, тапсырманы қабылдау кезінде **мүдделер қақтығысын сәйкестендіру** үшін тапсырманы қабылдауға дейін қандай шаралар қабылдау қажет екендігін тізіп беріңіз.

1.2. Тапсырманың шарттарын ескере отырып, 2022 жылы көрсетілген салықтық жоспарлау бойынша кеңес беру қызметтерінің Этика кодексіне сәйкес аудиторлық фирма үшін **қандай қауіп-қатерлерді** тудыратынын талдап, сипаттап беріңіз, сондай-ақ осындай қауіп-қатерлерге ден қою үшін ескерту шарасы болуы мүмкін әрекеттің **2 мысалын** келтіріңіз.

1.3. Аудитор мен басқарушы қызметкерлердің жауапкершілігін санамағанда, аудит туралы шартқа енгізілуі тиіс **4 елеулі тармақты** тізімдеңіз.

--

1.5. Аудитор елеулі түрде бұрмалау тәуекелдерін қаржылық есептілік деңгейінде және тұжырым деңгейінде сәйкестендіріп бағалауы тиіс. Осы деңгейлердің қайсысында **ажырамас тәуекелдің** қарастырылатынын көрсетіңіз, сондай-ақ **аудитордың** тәуекелге баға беру кезінде оның сәйкестендіргіш факторларын **қалай** ескеріп отыруы тиіс екендігін қысқаша түсіндіріңіз.

1.6. Тапсырманың шартына (5-тарм.) негізделумен, аудитордың қаржылық есептілікке елеулі әсер етуі мүмкін басқа заңнамалық және нормативтік актілердің талаптарын сақтамау жағдайларын сәйкестендіруді жеңілдету үшін орындауына болатын аудиторлық рәсімдердің кем дегенде 2 мысалын келтіріңіз.

1.7. Аудитордың басқарушы қызметкерлерді бақылау құралдарын (шараларын) елемеуімен байланысты тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді орындай отырып, қол жеткізуге тиіс болатын **аудиторлық рәсімдердің кем дегенде үш мақсатын** атаңыз.

2-тапсырма (18 балл)

«Стандарт- аудит» АФ (бұдан әрі - АФ, аудитор) «Power systems» өндірістік компаниясының (бұдан әрі - Компания) 2022 жыл бойынша қаржылық есептілігінің аудитіне кірісті, оның тұжырымдамалық негізі ҚЕХС болып табылады. Аудиторлар аудитті жоспарлау кезінде «Power systems» компаниясына қатысты келесі ақпаратты алды, ол аудиторлық файлда құжатталған:

1) 2022 жыл бойынша қаржылық есептілік деректеріне сай:

Тауарларды сатудан түскен түсім - 72500 мың е.б.

Таза пайда – 16000 мың е.б.

Кейбір активтердің жылдың соңына қарсы баланстық құны:

Негізгі құралдардың баланстық құны – 12000 мың е.б.

Банктердегі ақшалай құралдар – 3900 мың е.б.

31.12.2022 ж. жағдай бойынша **компанияның таза активтерінің құны** – 32000 мың е.б.

2) Компанияның қызметімен танысу барысында аудиторлар Компанияның қаржылық есептілікті құрастырудың алдында компанияның шаруашылық ету жағдайларының елеулі сыртқы өзгерістерге ұшырағанына қарамастан, активтердің құнсыздану белгілерін (активтердің пайдалылығының азаюын) байқамағанына назар аударды.

3) АФ аудиторлық қызметтерінің сапасын басқару саясаттары мен рәсімдеріне сай:

Қаржылық есептілік деңгейінде елеулігіне баға беру үшін аудиторлар өзіне **2%** мөлшеріндегі пайызды қолдану үшін ең үлкен бақылау көрсеткішін (*не таза пайда, не таза активтер*) таңдайды.

Аудиторлық рәсімдердің елеулігін анықтау үшін аудиторлық фирманың ішкі фирмалық стандарттарымен тұтастай алғанда қаржылық есептілік деңгейінде елеулігінен баға берудің келесі диапазоны қолданылады деп белгіленген:

- 65% (тұжырымдар деңгейіндегі елеулі мөлшердегі бұрмалану тәуекелі - **жоғары**);

- 70 % (тұжырымдар деңгейіндегі елеулі мөлшердегі бұрмалану тәуекелі - **орташа**);

- 85% (тұжырымдар деңгейіндегі елеулі мөлшердегі бұрмалану тәуекелі - **төмен**).

Аудитор осы тапсырма үшін шоттар мен ашылулардың сальдосы үшін тұжырымдар деңгейіндегі елеулі мөлшердегі бұрмалану тәуекелі **жоғары** деп бағалады.

4) Аудиторлар банктерде ашылған шоттар бойынша сальдо үшін сыртқы растауларды қолдануды жоспарлады, алайда Компания банктерге аудиторлардың атынан сұратуларды жіберуден бас тартты.

5) Аудиторлар былтырғы жылдың соған сәйкес кезеңімен салыстырғанда жылдың соңында сатылымдардың елеулі мөлшерде артуын сәйкестендірді, сонымен бірге сатылымдардың мұндай өсуі компанияның дирекциясына сатулар бөліміне, сондай-ақ жоғары басқарушы қызметкерлерге саладағы көшбасшылық жайғасымдар үшін тұңғыш рет жылдық бонустар төлеуге мүмкіндік берді.

Талап етіледі: төменде келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз.

2.1. Аудиторлық рәсімдердің қайсысының (**3 тармақтан кем емес**) сипаттамасында ХАС-ға сәйкес аудит жоспары қамтылуы **тиіс** екенін көрсетіңіз.

2.2. ХАС талаптарына негізделумен, мына терминді түсіндіріңіз: «аудит мәнмәтініндегі елеулілік». Аудиторлық фирманың сапаны басқару саясаттары мен рәсімдерін ескерумен, осы тапсырма үшін **тұтастай қаржылық есептілік деңгейіндегі** елеулілікті, сондай-ақ **аудиторлық рәсімдерді орындау үшін елеулілікті** бағалаңыз.

2.3. 5-тармақта (сатылымдарды арттыру) келтірілген тапсырманың шартына негізделумен, мұндай оқиғалардың аудитор үшін нені білдіретінін көрсетіңіз. Аудиторға осындай мән-жайлар үшін орындаған тиімді болатын, кірістерді мойындауға қатысты аудиторлық рәсімнің кем дегенде **4 мысалын** келтіріңіз.

2.4. 4-тармақта (сыртқы растаулар) келтірілген тапсырманың шартына негізделумен, аудитордың ХАС-ға сәйкес, банктерге сыртқы сұратуларды жөнелтуден бас тартуға жауап ретінде қандай әрекеттерді (**4-тен кем емес**) орындауы тиіс екендігін көрсетіңіз.

3-тапсырма (14 балл)

«Кредо аудит» аудиторлық компаниясы 2022 жылдың ортасынан бастап 1 «Қаржылық есептілікке аудит және шолу тексерулерін жүргізетін, сондай-ақ сенімділікті қамтамасыз ететін өзге де тапсырмаларды және ілеспе қызметтер көрсету жөніндегі тапсырмаларды орындайтын аудиторлық ұйымдардағы сапаны бақылау» сапаны бақылаудың халықаралық стандартына (бұдан әрі – 1 СБХС) сәйкес, **әзірлеуде**. Сапаны басқару жүйесін ендіру сатысында аудиторлық компания бірқатар қиындықтарға тап болды, оларды Сізге бөгде кеңес беруші ретінде түсіндіріп беру қажет.

Талап етіледі: төменде келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз.

3.1. Фирманың сапаны бақылау жүйесін **қандай мақсатпен** әзірлеп, ендіріп және оның әрекеттілігін **қандай мақсатпен** қамтамасыз ететінін түсіндіріңіз.

3.2. Фирманың сапаны бақылау жүйесін ендіру үшін тәуекелдерді бағалау процесін **қандай мақсатпен** әзірлеп, ендіруі тиіс екенін түсіндіріңіз.

3.3. Сапаны бақылау жүйесі 1 СБХС-ға сәйкес қамтитын **8 компонентті** атаңыз.

3.4. Сапа мақсатына жетуде жағымсыз әсерін тигізуі мүмкін және өздерін қою кезінде ескеріп отыру керек болатын аудиторлық фирманың сипаты мен мән-жайларының кем дегенде **5 мысалын** келтіріңіз.

4-тапсырма (40 балл)

Төменде келтірілген әрбір сұрақ бойынша ең жақсы жауапты таңдаңыз. 25 сұрақтың барлығы бойынша өз жауабыңызды белгілеңіз. Әр сұраққа бір ғана жауап беріңіз. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз. Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.

4.1. Бұдан әрі тізімделген тапсырмалардың қайсысына келесі тұжырымдама сәйкес келеді: «аудиторды қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде қаржылық есептіліктің қолданылатын тұжырымдамалық негізіне сәйкес әзірленбеген деп ойлауға мәжбүр ететіндей оның назарын ешнәрсе алаңдатпады»?

- а) салықтық декларацияларды дайындау кезіндегі кеңес беру бойынша тапсырма;
- б) қаржылық ақпаратқа қатысты келісілген рәсімдерді орындау бойынша тапсырма;
- в) тарихи қаржылық есептілікке шолу жасау бойынша тапсырма;
- г) ақпаратты компиляциялау бойынша тапсырма.

4.2. Келтірілген тұжырымдардың қайсысы **арнайы мақсаттағы** қаржылық есептілікке қатысты аудиторлық есеп үшін **дұрыс** екендігін анықтаңыз?

- а) Аудитордың есебінде қаржылық есептілік арнайы мақсаттағы тұжырымдамалық негізге сәйкес құрастырылған, демек басқа мақсат үшін жарамды бола алмайды дегенге сілтеме жасайтын түсіндірме параграф берілген;
- б) ХАС 701 («Аудиттің басты сұрақтары» бөлімі) арнайы мақсаттағы қаржылық есептіліктің аудиті бойынша тапсырмаларға арнап міндетті түрде қолданылады;
- в) Заңдар немесе нормативтік актілер аудитордан тапсырма серіктесінің толық есімін аудитордың арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік бойынша есебіне енгізуді талап ете алмайды;
- г) аудитордың арнайы мақсаттағы тұжырымдамалық негізге сәйкес құрастырылған қаржылық есептілікке қатысты есебінде үздіксіз қызметпен байланысты мәселелерді қарастыра алмайды.

4.3. 2410 ШКХС-ға сәйкес, шолудың аудиттен **айырмашылығы төмендегілерді санамағанда**, барлық аталған тармақтарға негізделген:

- а) Шолу аралық қаржылық ақпаратта елеулі бұрмалаулар жоқ деген негізделген сенімділікке қол жеткізуге арналмаған;
- б) Шолу негізінен қаржылық және есепке алу мәселелері үшін жауап беретін тұлғаларға сұрату жасауды және шолудың аналитикалық және өзге рәсімдерін қолдануды көздейді;
- в) Шолу аудитордың назарын аралық қаржылық ақпаратқа әсер ететін маңызды мәселелерге аударуы мүмкін, алайда ол аудит талап етуі мүмкін дәлелдемелердің барлығын бірдей ұсынбайды;
- г) Шолу аудитордың шоттардың сальдосына қатысты тұжырымдар деңгейінде елеулі мөлшердегі бұрмалану тәуекелдерін бағалауын қажет етпейді.

4.4. 4410 «Ақпаратты компиляциялау бойынша тапсырмалар» ІҚХС-ға (қайта қарастырылған) сәйкес орындалып отырған тапсырмаға қатысты қандай тұжырым **дұрыс**?

- а) Машықтанушы маманның есебі кез келген нысандағы қаржылық ақпарат туралы пікір білдіру немесе тұжырым жасау құралы болып табылмайды;
- б) Машықтанушы маманның есебінде түсіндірме параграф болуы тиіс;
- в) Машықтанушы маманның есебіндегі қорытынды жағымды нысанда беріліп отыруы тиіс;
- г) Сарапшыны тартқан жағдайда Машықтанушы маман қорытынды үшін жауапкершілікті тартылған сарапшымен бөліседі.

4.5. ХАС-ға сәйкес, егер аудитор өзі **елеулі** деп белгілеген тиісті тәуекелді бақылау құралдарына сенуді жоспарлап отырса, ол:

- а) ең алдымен тәуекелдердің бағасын қайта қарауы тиіс;
- б) ағымдағы кезеңде сол бақылау құралдарын (шараларын) тестілеуі тиіс;
- в) мәні бойынша аналитикалық рәсімдерді орындауы тиіс;
- г) мәні бойынша аудиторлық рәсімдерді орындауы тиіс.

4.6. Байланысқан тараптармен операциялар үшін төменде келтірілген мән-жайлардың қайсысы байланыспаған тараптармен операциялармен салыстырғанда қажылық есептіліктің **елеулі мөлшерде бұрмалануының анағұрлым жоғары тәуекелдеріне** әкеп отыруы мүмкін?

- а) байланысқан тараптармен операциялардың күрделілік сипатының тиісті түрде артуымен, қатынастар мен құрылымдардың кең және күрделі диапазоны аясында олармен операциялар;
- б) байланысқан тараптармен операциялар кезінде осындай операциялар үшін нарықтық жағдайларды және кәсіпорын мен онымен байланысқан тараптармен есеп айырысудың қалдықтарын салықтық мақсаттарда анықтап және жалпылайтын мамандандырылған ақпараттық жүйелерді қолдану;
- в) байланысқан тараптармен операцияларды әдеттегі нарықтық жағдайларда жүргізу;
- г) байланысқан тараптардың құрамында өзіне осындай дәрежедегі жалдамалы топ менеджментке арнап әдеттегі жағдайлармен сыйақылар мен қаламақылар төленетін тек қана кәсіпорынның басқарушы қызметкерлерінің болуы.

4.7. Сыртқы аудитор **төмендегі шараларды санамағанда**, оған бұдан әрі аталған рәсімдерді орындауда тікелей көмек көрсету үшін ішкі аудиторларды **пайдаланбауы тиіс**:

- а) елеулі түрде бұрмалану тәуекелдеріне баға беру рәсімдері;
- б) сәйкестендіру тәуекелдеріне жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді жоспарлау;
- в) дебиторлық берешекке қатысты егжей-тегжейлерді тестілеу кезінде, өзінде ол оны өтеу мерзімін ұстануды тексеру үшін аса жоғары тәуекел аймағы ретінде қарастырылатын жағдайда;
- г) аудиторлық рәсімдерді кәсіпорынның активтерімен алаяқтықтың сәйкестендіру тәуекелдеріне жауап ретінде жүргізу.

4.8. Шаруашылық ету субъектісінің жылдық есебіне 720 «Аудитордың басқа ақпаратқа қатысты жауапкершілігі» ХАС-ға сәйкес енгізілуі мүмкін басқа ақпараттың мысалы:

- а) өнімдер үшін жауапкершілік туралы есеп;
- б) еңбектік қатынастар мен еңбек жағдайлары туралы есеп;
- в) Іскерлік есептілік форматында әзірленген қаржылық есептілік (XBRL);
- г) Корпоративтік басқару туралы есеп.

4.9. 4400 ІҚХС-ға (қайта қаралған) сәйкес, келісілген рәсімдер туралы есепке қатысты төменде аталғандардың қайсысы **дұрыс** екенін көрсетіңіз?

- а) Сарапшыны тартқан жағдайда есептің анықтамасы машықтанушы маманның рәсімдерді орындау үшін жауапкершілігі туралы ақпаратты қамтуы тиіс;
- б) Есепте аудитордың келісілген рәсімдер туралы қорытындысын жетілдірудің негіздемесін қамтылуы тиіс;
- в) есепте аудитордың келісілген рәсімдерді орындау нәтижелері бойынша тиісті қорытындысын қамтыған бөлім қамтылуы тиіс;
- г) Есепте тапсырманың шарттарына келісілгендей әрбір рәсімнің сипаты мен көлемі, сондай-ақ егер қолданылса, мерзім толығымен суреттелген орындалған рәсімдердің сипаттамасы қамтылуы тиіс.

4.10. ХАС-қа сәйкес кәсіпорында бақылау құралдарының қандай 2 түрі бар екенін көрсетіңіз?

- а) дара және бірлескен;
- б) үйлестірілген және жеке;
- в) тікелей және жанама;
- г) шеңберлік және қоса орнатылған.

4.11. 530 ХАС-қа сәйкес іріктеу элементтерін таңдаудың негізгі әдістіріне мыналар жатады:

- а) баламалы таңдау;
- б) бас таңдау;
- в) бағдарламалық таңдау;
- г) жүйелі таңдау.

4.12. Өзінің аясында түпкілікті аудиторлық файлды қалыптастыруды аяқтау керек болатын тиімді кезең әдетте төмендегі мерзімдерді құрайды:

- а) аудитордың есеп беру күнінен кейін 60 күннен аспайтын;
- б) тапсырма деңгейінде сапаға ішкі бақылау жүргізілген күннен кейін 90 күннен аспайтын;
- в) аудитордың есеп беру күнінен кейін 45 күннен аспайтын;
- г) тапсырма деңгейінде ішкі мониторинг жүргізілген күннен кейін 30 күннен аспайтын.

4.13. Төменде келтірілген тұжырымдардың қайсысы ХАС-қа сәйкес, аудиторлық іріктеу барысында анықталған бұрмалануларды болжамдық бағалауға қатысты **дұрыс емес**?

- а) Аудитор егжей-тегжейлерді тестілеу кезінде сәйкестендірілген бұрмалауларды бүкіл бас жиынтыққа проекциялауы тиіс болуы керек;
- б) Аудитор бақылау құралдарын тестілеу кезінде сәйкестендірілген бұрмалауларды бүкіл бас жиынтыққа проекциялауы тиіс;
- в) Бұрмалау аномалия болып табылатыны анықталған болса, онда оны бұрмалауларды барлық бас жиынтыққа проекциялау кезінде ескермеуге болады;
- г) Аудитор өзінде жекелеген элементтерде бас жиынтықта ортақ сипаттамаларға ие болатын бұрмалауларды сәйкестендірген жағдайларда аудитор аудиторлық рәсімдерді осы элементтерге кеңейтуі мүмкін.

4.14. 330 ХАС-қа сәйкес, **«қайта орындау»** аудиторлық рәсімі төмендегілерге жатады:

- а) аудиторлық рәсімнің сипатына;
- б) аудиторлық рәсімнің типіне;
- в) аудиторлық рәсімнің тәсіліне;
- г) аудиторлық рәсімнің көлеміне.

4.15. Келесі тұжырымдамаға арнап дұрыс жауап нұсқасын таңдаңыз:

«ХАС-қа сәйкес келесі аудиторлық рәсімдерге төмендегілер жатады:

- 1) бақылау құралдарын тестілеу;
- 2) егжей-тегжейлерді тестілеу;
- 3) мәні бойынша аналитикалық рәсімдер;
- 4) елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалау тестілері;»

- а) 1, 2 және 3.
- б) 1, 2 және 4.
- в) 1, 3 және 4.
- г) 2, 3 және 4.

4.16. Егер аудитор 805 ХАС-қа (қайта қаралған) сәйкес, қаржылық есептіліктің толық жиынтығына қатысты жетілдірілген аудиторлық пікірін білдіріп қойған болса, аудитор тапсырманың нақты мән-жайларына негізделумен қандай жағдайда қаржылық есептіліктің толық жиынтығында қамтылған жеке қаржылық есепке қатысты **жетілдірілмеген аудиторлық пікірін білдіре алады?**

- а) Егер аудитор қаржылық есептің толық жиынтығына қатысты жағымсыз пікірін білдірген болса;
- б) Аудитор қаржылық есептің толық жиынтығына қатысты пікір білдіруден бас тартқан болса;
- в) Аудитор қаржылық есептің толық жиынтығына қатысты пікірін ескертумен білдірген болса;
- г) Егер аудитордың есептіліктің толық жиынтығына қатысты пікірінде аудиторлық пікірді қандай да бір жетілдіру қамтылған болса, аудиторға жекелеген қаржылық есептілікке қатысты аудиторлық есепке жетілдірілмеген пікірді енгізуге тыйым салынады.

4.17. Егер аудитор пікірін негіздеу үшін тиімді аудиторлық дәлелдемелерді жеткілікті көлемде **ала алмаса** және анықталған бұрмалаулардың қаржылық есептілікке ықтимал әсері, егер олар болса, **елеулі және барлығын қамтыған** болуы мүмкін деген қорытындыға келсе, аудитор:

- а) жағымсыз пікірін білдіріп;
- б) пікір білдіруден бас тартып;
- в) ескертумен пікір білдіріп;
- г) немодифицированное мнение с түсіндірме параграфпен жетілдірілмеген пікір білдіруі тиіс.

4.18. Аудитор 260 ХАС-қа сәйкес, елеулі қиындықтарға қатысты келтірілген қандай ақпаратты ең жоғары басқарушылық уәкілеттіктерге ие адамдарға хабарлауы тиіс?

- а) аудиторлық фирманың басшысы аудиторлар тобына арнап белгілеген шектеулер туралы;
- б) Аудиторлық топтың ХАС талаптарын ұстану үшін орындау керек болатын аудиторлық рәсімдердің күрделі сипаты туралы;
- в) аудит үшін қажетті ақпараттың қолжетімсіздігі туралы;
- г) аудит бойынша басты серіктестің қаламақысының онша жоғары болмауы туралы.

4.19. Аудиторлық есепке қандай жағдайда түсіндірме параграфын енгізуге болатынын көрсетіңіз?

- а) Ақпарат қаржылық есептілікке ескертулерде ашып көрсетіліп және аудитор оны пайдаланушылар үшін маңызды деп санайтын жағдайда, бұл ретте осы ақпарат бойынша аудитор пікірді жетілдірмесе, сондай-ақ оны аудиттің басты сауалы деп санамаса;
- б) егер заңнамамен аудиторға пайдаланушылар үшін маңызды болып табылатын және аудит барысында алынған өзге ақпаратқа қатысты пікір білдіруге тыйым салынған болса;
- в) егер аудитор қаржылық есептіліктегі елеулі бұрмалуларды сәйкестендірсе;
- г) қаржылық есептілікті үздіксіздің принципіне сүйенумен құрастыру мүмкін болмаса.

4.20. 580 ХАС-қа сәйкес, **басқарушы қызметкерлердің жазбаша ұсыныстарының күні:**

- а) аудит туралы тиісті шартқа қол қою күніне неғұрлым жақын болуы тиіс;
- б) аудитордың қаржылық есептілік бойынша есебінің күніне неғұрлым жақын болуы тиіс;
- в) аудиторлық рәсімге мәні бойынша неғұрлым жақын болуы тиіс;
- г) қаржылық есептілік деңгейінде елеулі бұрмалану тәуекелдерін сәйкестендіру мен бағалау күніне неғұрлым жақын болуы тиіс.

ЕМТИХАННЫҢ СОҢЫ

ЖАУАПТАРҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША ОРЫНДАР

<i>№ сұраққа жауап беруге арналған орын</i>

<i>№ сұраққа жауап беруге арналған орын</i>

ЖАУАПТАРҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША ОРЫНДАР

<i>№ сұраққа жауап беруге арналған орын</i>

<i>№ сұраққа жауап беруге арналған орын</i>

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ